

Қайшыбаев Смағұл Қайшыбаевичтың «Неврология» атты екі бөлімнен тұратын қазақ және орыс тілдеріндегі оқулығына

РЕЦЕНЗИЯ

1. **Рецензияға ұсынылған оқулықтың атауы.** Рецензияға С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университетінің нейрохирургия, медициналық генетика және шығыс медицинасы курстарымен жүйке аурулары кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор С. К. Қайшыбаев құрастырған қазақ және орыс тілдеріндегі екі бөлімнен тұратын "Неврология" оқулығы ұсынылды.

2. **Ұсынылған оқулықтың көлемі:** Қайшыбаев С.К. Неврология: оқулық. -2 бөлімнен тұрады - Түзетіліп, толықтырылып қайта басылды. - Алматы, 2024. I бөлім: Топикалық және синдромологиялық диагностика негіздері. - 325 б. II бөлім: Арнайы невропатология - 416 б.

3. **Басылымның орындылығы мен өзектілігі.** Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес денсаулық сақтау жүйесінің мамандарын қалыптастыру және жетілдіру базалық пәндер бойынша терең білімді қажет етеді, бұл сапалы оқу-әдістемелік материалдар, оның ішінде оқулық болған жағдайда ғана мүмкін болады. Оқулық ғылыми талаптарға сай болып, ғылыми дүниетанымды қалыптастыруы керек, сонымен бірге жоғары деңгейдегі жалпы материалды қамта отыра, сонымен бірге нақты болуы керек.

Рецензия үшін ұсынылған неврология бойынша оқулық осы талаптардың барлығына сай және қазіргі уақытта Қазақстанда қазақ және орыс тілдерінде бірнеше жыл бойы жинақталған материалмен толықтырылып, басып шығарылған жалғыз оқулық болып табылады.

Рецензияланатын оқулықтың негізгі мақсаты клиникалық ойлауды қалыптастыру, жиі кездесетін неврологиялық ауруларды өз бетінше диагностикалау қабілетін дамыту, жүйке жүйесі ауруларының шұғыл жағдайларыда көмек көрсету, сондай-ақ жүйке жүйесінің зақымдану белгілерін анықтау үшін қосымша зерттеулер өткізе отырып, неврологиялық тексеруді жүргізу болып табылады.

Оқулықты әзірлеу кезінде дидактиканың негізгі принциптерінің барлығы сақталған: жүйелілік, қол жетімділік және көрнекілік. Теориялық және практикалық материал теңдестірілген.

Оқулық студенттерге, интерндерге, резидентура тыңдаушыларына, медициналық жоғары оқу орындарының магистранттарына арналған. Оқулықта студенттерге ғана емес, сонымен қатар басқа клиникалық мамандықтардың тәжірибесінде кездесетін неврологиялық синдромдарды диагностикалау мәселелеріне қызығушылық танытатын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде оқитын мамандарға қажет ақпарат бар.

4. **Басылымның сипаты.** Басылым түзетілді және толықтырылды. Дайындаған ұжым: Қайшыбаев Н.С., Қайшыбаева Г. С., Жиенбаева Б. С., Жұмағұлова К. Г., Избасарова А. Ш., Каримова А. С., Мұхамбетова Г. А., Харченко Е. А., Даирбаева Л. О., Кузина Л. А., Қайшыбаев С. Н., Құдайбергенова А. С., Петров А. В.

5. **Оқулықтың құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптардың сәйкестігін бағалау.** Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 «Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес әзірленген.

Оқулықтағы материалды берудің негізгі мазмұны, құрылымы, ұсыну реттілігі, логикасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім стандартына сай беріле отырып, типтік бағдарламаға сәйкес келеді («Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы). Оқу құралы

студенттерге, интерндерге, резидентура студенттеріне және медициналық жоғары оқу орнының магистранттарына ұсынылады.

6. Материалдың әдістемелік деңгейі, оның білім беру технологияларына сәйкестігі.

Оқулық 2 бөлімнен тұрады

Оқулықтың I бөлімінде неврологиялық ғылымның даму тарихы, жүйке жүйесінің құрылымы мен қызметі, неврологиядағы зерттеу әдістері, топикалық және синдромологиялық диагноздың негіздері туралы мәліметтер келтірілген. Заманауи қосымша зерттеу әдістерінің диагностикалық мүмкіндіктері сипатталған. Зерттеудің рентгенографиялық, электрофизиологиялық және клиникалық-генетикалық әдістерінің нәтижелерін, сондай-ақ цереброспинальды сұйықтық құрамының өзгеруін клиникалық түсіндіруге көп көңіл бөлінеді.

Оқулықтың II бөлімінде жүйке жүйесінің негізгі ауруларының этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы және емдеу туралы мәліметтер берілген, ҚазҰМУ жүйке аурулары клиникасының қызметкерлері әзірлеген церебральды атеросклерозды, бас сүйек-ми жаракатының, диабеттік энцефалопатияның, тау-кен жұмысшыларының діріл ауруын диагностикалау және емдеу әдістері келтірілген.

Оқулықтың соңғы тарауында халыққа неврологиялық көмекті ұйымдастыру мәселелері қаралады.

Оқулықтың түзетілген және кеңейтілген екінші басылымы неврология тәжірибесіне жаңадан енгізілген негізгі неврологиялық аурулар мен бұзылулардың этиологиясы, патогенезі, диагностикасы мен емдеудің заманауи әдістері туралы жаңа материалдармен толықтырылған. Оқулықтағы техникалық қателері түзетіліп, сызбалар ауыстырылды (м.ғ.к. Каримова А.С.), қосымшалар жаңартылды. Орыс тіліндегі оқулықтың I бөліміне қосымшада профессор С.Қ.Қайшыбаев дайындаған неврологиялық терминдер қосылды.

Қайшыбаев С.Қ.С.«Неврология» оқулығы практикалық бағытқа ие, негізгі Кәсіптік білім беру бағдарламаларына сәйкес келеді, өзекті нормативтік-құқықтық құжаттар мен ұйымдастырушылық-әдістемелік материалдарға сілтемелерді қамтиды. Оқулықтың мәтіні жақсы әдеби тілде жазылған, оны маман оңай оқиды.

7. Қорытынды.

«Неврология» атты екі бөлімнен тұратын қазақ және орыс тілдеріндегі оқулығын белгіленген тәртіппен басылымға ұсынылады.

Смағұл Қайшыбаев атындағы неврология және нейрореабилитация институтының балалар неврологі, психиатры, медицина ғылымдарының кандидаты Айтжанова Райгуль Климовна

Родина Р.К.
2019.08.01
Смағұл Қайшыбаев (с.с.)